

**Қазақстан Республикасының Білім
және Ғылым министрлігі
Жаңақорған аграрлы-техникалық
колледжі**

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҚҰПИЯ
жұлдызнамаға негізделген

Орындаған:
Алпамышева Қарлығаш

*Бала тәрбиесі-аса жауапты міндет.
Олармен тіл табысу, арманы мен қиялын
түсіну, тіпті тіл табысудың өзі оңай нәрсе
емес. Баланың пайым –парасаты, білім –
білігі, түсінігі мен адамгершілігі, бүткіл
болмысы мен болашағы оның тал бесіктегі
тәрбиесіне байланысты. Сондықтан ата –
ана бала тәрбиесінде ештеңені де қалт
жібермеуге тиіс. Дегенмен әр баланың мінезі,
ойы мен көзқарасы әртүрлі. Сонда олармен
қалай тіл табысып, қалай тәрбиелеу керек?*



Жұлдыздар былай дейді:

Тоқты



Торпақ



Егіздер



Шаян



Арыстан



Бикеш



Таразы



Сарышаян



Мерген



Тау ешкі



Суқұйғыш



Балық



21 наурыз-19 сәуір—**Тоқты**
20 сәуір-20 мамыр—**Торпак**
21 мамыр-20 маусым—**Егіздер**
21 маусым-22 шілде—**Шаян**
23 шілде-22 тамыз—**Арыстан**
23 тамыз-22 қыркүйек—**Бикеш**
23 қыркүйек-22 қазан—**Таразы**
23 қазан-21 қараша—**Сарышаян**
22 қараша-21 желтоқсан—**Мерген**
22 желтоқсан-19 қаңтар—**Тауешкі**
20 қаңтар-18 ақпан—**Сукұйғыш**
19 ақпан-20 наурыз—**Балықтар**

Тоқтыларға Шолпан мен Күн әсер етеді.

Түстері: ашық қызыл, сарғылт, көкшіл, жұпаргүлді түс. Күлгін олар үшін сәтсіз түс саналады.

Тастары: алмаз, рубин, аметист, кровавик, гелиотроп, аквамарин, зүбәржәт.

Металдары: темір мен болат.

Аптадағы сәтті күндері: сейсенбі мен жексенбі.

Сәтсіз күндері: жұма мен сенбі.

Сандары: 4, 7, 9 (9 мен 11-ге бөлінетін сандар).

Жақсы жағы:

- + Туған күні жылы мезгілде
- + Жігерлі
- + Сезімтал

Жағымсыз жағы:

- Күйгелек
- Агрессивті (тоқты белгісіндегі адаммен сөз таластырудың қажеті жоқ).

ТОҚТЫ



❖ **1-6 жас аралығында** баланы белсенді өмірлік ұстанымда болуға тәрбиелеңіз. Оған ересектердің, яғни сіздің тірліктеріңізге араласуына рұқсат беріңіз.

Осылай балаға ертерек өз бетімен шешім қабылдауға мүмкіндік туғызыңыз;

❖ **7-12 жас аралығында** ол бәрін білгісі келіп тұрады. Сондықтан ақылсыз сұрақтары мен әуестілігі үшін ұрыспаңыз. Қайта қызықты, танымдық кітаптар әперіңіз, оны талқылаңыздар. Бұл оның болашақ мамандығына деген қызығушылығын оятуы мүмкін;

❖ **13-17 жас аралығында** жасөспірімнің өзгелерді кекетіп, келемеждеуіне жол бермеңіз. Оның алғашқы сезімдері жайлы ашық сырласуға шақырыңыз. Сонда қателікке ұрынбауына көмектесе аласыз.

ТОРПАҚ

Тоқпақтарға Венера мен Ай ықпал етеді.

Түстері: сары, ашық көгілдір, сарғыш. Қызыл түс сәтсіз саналады.

Тастары: бирюза, сапфир, агат, опал, зүбәржәт, эсмеральд, жасыл мәрмәртас, нефрит, карисол.

Металдары: сары түстінің барлығы.

Аптадағы сәті күндері: дүйсенбі мен жұма.

Сәтсіз күні: сейсенбі.

Сандары: 2,4, 16. (алтыға бөлінетін барлық сандар)

Жақсы жағы:

+ Мақсатына жетпей тынбайды

Жағымсыз жағы:

- Қырсық
- Қызғаншак



- ❖ **1-6 жаста** сізге барынша шыдамды болуға тура келеді. Өйткені бұл бала бір орында тұрмайтын, тынымсыз болады. Ол қазір әперген ойыншықты сындырып, ішін тексерсе немесе шкаф, шифоньерді ақтарып, шашып тастауы мүмкін. Осылай ол көп білуге талпынады;
- ❖ **7-12 жас аралығында** балаңыздың тапқырлығы мен ақылдылығын сабырлы болумен ұштастырғаныңыз жөн;
- ❖ **13-17 жас аралығында** ол құрдастарының арасында көшбасшы бола бастайды. Бұл кезде оған ұстамдылық қасиет өте керек. Оған достық пен махаббатты қастерлеуді үйретіңіз және жауапкершілікті талап етіңіз.

Егіздерге Меркурий ықпал етеді.

Түстері: күлгін, сұр, ашық сары, ашық-жасыл, бозғылт –көк, сарғылт. Қою жасыл түс сәтсіз саналады.

Тастары: хризопраз, берилл, гранат, тау кристалы, агат.

Металдары: алтын мен күміс.

Аптаның сәтті күні: бейсенбі.

Сандары: 3, 5, 12, 18.

Жақсы жағы:

- + Көбіне көңілді жүруге тырысады
- + Адамдармен жақсы араласа алады
- + Үнемі жаңа идеялар жетегінде жүреді

Жағымсыз жағы:

- Көңіл-күйі аумалы-төкпелі.
- Достарының пікірінен шыға алмайды

ЕГІЗДЕР



- ❖ **1-6 жас аралығында** ол көпшілікті, достармен ойнағанды жақсы көреді. Оны өзі қатарлас балалармен ойнатуға тырысыңыз. Логикалық есептерге, танымдық әрекеттерге негізделген ойын түрі оның дамуына әсер етеді;
- ❖ **7-12 жас аралығында** перзентіңізді бөгде адамдардың басынуынан қорғай білгеніңіз дұрыс;
- ❖ **13-17 жас аралығында** ол өзіне өмірден не керектігін түсіне бастайды, армандарын жүзеге асыру мақсатында кез-келген мүмкіндікті пайдаланып қалғысы келеді. Оған достардың көмегін бағалай білуді үйреткен жақсы.

Шаяндарға Ай әсер етеді.
Түстері: ақ, ашық-көк, қанық
көк, қою жасыл. Сұр сәтсіз түс
саналады.

Тастары: зүбәржәт, рубин.

Металлы: күміс.

Аптадағы сәтті күндері:
дүйсенбі мен бейсенбі.

Сәтсіз күндері: сейсенбі мен
сенбі.

Сандары: 1 (2-ге бөлінетін
барлық сандар), 4,5,8.

Жақсы жағы:

+ Сезімтал

+ Қарым-қатынасқа оңай түсе
алады


+ Достыққа тұрақты

Жағымсыз жағы:

- Көңіл-күйі аумалы-төкпелі

- Сын қабылдай алмайды

ШАЯН



- ❖ **1-6 жас аралығында** ол көзге түсу үшін түрлі нәрсе ойлап таба бастайды. Оны сабырлы болуға үйретіңіз;
- ❖ **7-12 жас аралығында** оның кез-келген бастамасын қолдап отырғаныңыз жөн. Тіпті үсті-басын бояуға былғап алса немесе ыдыстарды сындырып, одан үй жасаса да ашуға ерік бермеңіз, бұл оның болашақ мамандығын танудың басты қадамы;
- ❖ **13-17 жас аралығында** оған барлық жағдайға тың көзбен қарауды үйретіңіз, әйтпесе онда өзіне деген сенімсіздік туындауы мүмкін.

АРЫСТАН

Арыстандарға Күн әсер етеді.

Түстері: алтын сынды сарғылт, алқызыл, қара. Ақ түс олар үшін сәтсіз саналады.

Тастары: янтарь, хризолит, топаз, рубин, оникс, алмаз, эсмеральд.

Металы: алтын.

Сәтті күн: жексенбі.

Сәтсіз күн: сенбі.

Сандары: 1, 5, 9, 11.

Жаксы жағы:

+ Мақсатты

+ Сенімді

+ Батыл

+ Көмек сұраған адамның бетін қайтармайды

Жағымсыз жағы:

- Қырсық

- Атаққұмар

- Сын көтере білмейді.



- **1-6 жас аралығында** адамның болашақ мінезі қалыптаса бастайды. Сондықтан оны мейірімді де қамқор болуға үйретіңіз;
- **7-12 жаста** бүкіл күш-жігеріңіз бен қабілетіңізді перзентіңізге жақсы білім беруге жұмсаңыз. Оның қай салаға қызығатынын анықтаңыз да, білімін тереңдете түсіңіз;
- **13-17 жаста** ол қызуқанды, елікпе мінезді болып келеді. Махаббат үшін әдеттен тыс іс-әрекетке баруға да бейім. Қатты ұрыспаңыз, өзіңіздің өткен өміріңізден жағымды масалдар келтіре отырып, оны ұстамдылыққа шақырыңыз.

Бикештерге Меркурий ықпал етеді.

Сәтті күні: сәрсенбі.

Аптағы сәтсіз күндері: бейсенбі және жұма.

Сандары: 3, 5 (беске бөлінетін барлық сандар), 6, 12, 20, 27.

Жақсы жағы:

+ Ұқыпты

+ Өз-өзін ұстай алады

+ Байқампаз, өз қателігін көре біледі

+ Сыртқы келбеті тартымды

Жағымсыз жағы:

- Кейде тіпті ұқыпты болып кетеді, бұл төңірегіндегі адамдарға кері әсер етеді

- Өмірге көп өкпе артады

- Қызғаншақ.

БИКЕШ



- ◆ **1-6 жас аралығында** ол тым сезімтал болғандықтан қорқынышты ертегілер мен фильмдерді ұсынуға болмайды. Ол баланың санасында мәңгілік қалып кетуі мүмкін;
- ◆ **7-12 жаста** өзімен-өзі, томаға тұйық болып өсуіне жол бермеңіз. Дәл осы кезеңде оған жақындарының мейірімі мен қолдауы ауадай қажет. Оған көп уақыттарыңызды бөліңіз және ашық әңгімелесуге үйретіңіз;
- ◆ **13-17 жаста** жасөспіріммен ашық әңгімелесе жүргеніңіз, үй шаруасында онымен ақылдасқаныңыз жөн. Құлыққа бара көрмеңіз, өйткені балаңыз өтірікті тез сезе қоятын жасқа жетті.

Таразыларға Сатурн әсер етеді.

Түстері: қою-көк, жасыл, теңіз түстес көк.

Тастары: құрыш, лазурит, коралл, алмаз, сапфир, меруерт, берилл, хрусталь, хризолит.

Металы: қола.

Аптаның сәтті күндері: жұма және сенбі.

Аптадағы сәтсіз күндері: сейсенбі және жексенбі.

Сандары: 2, 6 (алтыға бөлінетін барлық сандар), 7, 8, 9, 15.

Жақсы жағы:

+ Сабырлы

+ Әділ

+ Жансыз нәрсенің аты берілген бірден-бір белгі

+ Жауапкершілігі жоғары


Жағымсыз жағы:

- Көңіл-күйі аумалы-төкпелі

- Достарының пікіріне бағынышты

- Үнемі достарының қолдауын күтеді.

ТАРАЗЫ



- ◆ **1-6 жас аралығында** балаға ашуланбай, жекімей, қай қылығына да мейіріммен қарау керек. Сонда сәбиіңіз сізден жақсы үлгі алары сөзсіз;
- ◆ **7-12 жас аралығында** перзентіңіз ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болғанды ұнатады. Оның есті алар сұрақтарына байыппен, ақылды жауап беріңіз;
- ◆ **13-17 жаста** бала мектеп тапсырмаларының ауқымдылығынан шаршайды, сол себепті оның қалжырап қалмауын қадағалаңыз.

САРЫШАЯН

Сарышаяндарға Плутон әсер етеді.

Түстері: жасыл, қою-қара, бозғылт.

Металы: темір мен күрыш.

Тастары: аквамарин, карбункул, коралл, берилл, рубин, хрусталь, топаз, малахит.

Сәтті күні: сейсенбі.

Сәтсіз күндері: дүйсенбі мен жұма.

Сандары: 4, 5, 8, 9, 10, 11, 21, 100, 666.

Жақсы жағы:

- + Белсенді
- + Бастаған ісін тастамайды
- + Жауапкершілігі жоғары
- + Достыққа тұрақты
- + Өз пікірі бар

Жағымсыз жағы:

- Қызғаншак
- Өзімшіл
- Кек сақтайды.



- ❖ **1-6 жас аралығында** оған шамасы келетін тапсырмаларды беруге болады. Мысалы, себетке ойыншықтарын жинастыруды үйренсін. Бұл оны тәртәп пен жауапкершілікке үйретеді;
- ❖ **7-12 жаста** денсаулығына ерекше мән беріңіз. Оның көңіл-күйі жақсы және өзін-өзі жетілдіруге деген талпынысы зор болғаны дұрыс. Оған үнемі көмектесіп отырыңыз. Осы кезде оның болашақта кім болатыны айқындала бастайды;
- ❖ **13-17 жаста** баланы қиындықпен күресуге, төзімділікке үйретіңіз. Бір үзім нанның да еңбекпен келетінін біле берсін. Бұл кезде одан тиянақтылық пен жауапкершілікті талап еткен дұрыс.

Мергендерге Юпитер әсер етеді.

Тастары: топаз, аметист, хризолит, бирюза, опал, карбункул, сапфир, агат.

Металдары: мырыш пен қаңылтыр.

Сәтті күні: бейсенбі.

Сәтсіз күні: сәрсенбі.

Сандары: 3 (үшке бөлінетін барлық сандар), 4, 9.

Жақсы жағы:

+ Көңілді

+ Батыл

+ Сырт келбеті сүйкімді

+ Адамдарға көмектесуге әзір

+ Есте сақтау қабілеті жоғары

Жағымсыз жағы:

- Кек сақтағыш

- Олақ

- Сенімсіз

- Дөрекі.

МЕРГЕН



- ❖ **1-6 жаста** оның басқалармен қарым-қатынасын бақылаңыз. Бәрін билеп-төстеп аламын деген талпынысы құрдастарының арасында қарсылық туғызады. Оның өктемдігін басып, қарапайым болуға үйретіңіз;
- ❖ **7-12 жаста** оған тапқырлығы мен ақылдылығын шыңдайтын тапсырмалар қойыңыз. Ол баланың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін ашады;
- ❖ **13-17 жаста** жасөспірімге жылылық пен жайлы атмосфера керек. Оны ылғи да түсініп, ренжітпей ең жақын досына айналыңыз. Әйтпесе ол сырлас досты сырттан табуы мүмкін. Бұл оның мінезіне кері әсер етеді.

Тауешкілерге Сатурн мен Марс әсер етеді.

Түстері: кара-жасыл, қап-кара, көк, бозғылт-сары, қою-қоңыр.

Тастары: рубин, оникс, гранат, лунный, лазурит.

Металы: қорғасын.

Сәтті күндері: сейсенбі мен сенбі.

Сәтсіз күндері: дүйсенбі мен бейсенбі.

Сандары: 3, 5, 7, 8 (сегізге бөлінетін барлық сандар), 14.

Жақсы жағы:

+ Мақсатқа ұмтылғыш

+ Сенімді

+ Қарым-қатынасты жақсы құра алады

+ Көшбасшы

Жағымсыз жағы:

- Кейде тауешкіге төзу мүмкін емес

- Кек алғыш

- Мақсатына жете алмаса, бәрін жек көріп кетеді.

ТАУЕШКІ



- ◆ **1-6 жас аралығында** балаға жағымды сезім өте көп керек. Қызықты, күлдіргі оқиғалар айтып беріңіз, езу тартқызатын қылықтар көрсетіңіз, сонда оның мінезінде көп жақсы қасиеттер біліне бастайды. Әйтпесе туа бітті қыңыр мінезі талай қырсыққа кезіктіруі мүмкін;
- ◆ **7-12 жаста** перзентіңіз өзінің үйін сенімді қамал деп білсін. Достарымен қарым-қатынаста келіспеушіліктер туындауы ықтимал. Оны қолдап, жақтасып отырыңыз. Көбірек сырласыңыз;
- ◆ **13-17 жас аралығында** жалқаулыққа салынуға мүмкіндік бермеңіз. Жекіп, ұрысып, мүмкіндігінен жоғары талаптар қойып, айтқаныңызды істеуден аулақ болыңыз. Кемсітпеңіз, қайта баланы қызықтыратын нәрсеге көңілін аударыңыз.

Сукұйғыштарға Сатурн ықпал етеді.

Түстері: сұр, күлгін, жасыл-көк.
Қара түс сәтсіз саналады.

Тастары: гранат, ашық сапфир, опал, аметист, лазурит.

Металы: қалайы (олово).

Сәтті күндері: сәрсенбі мен сенбі.

Сәтсіз күн: жексенбі.

Сандары: 2, 4 (төртке бөлінетін барлық сандар), 8, 9, 11, 13.


Жақсы жағы:

- + Адамдарды ажырата алады
- + Мейірімді
- + Достары көп
- + Әзілқой

Жағымсыз жағы:

- "Жоқ" дей алмайды
- Көбі сукұйғыштарды біртүрлі адам деп таниды.

СУҚҰЙҒЫШ



- ◆ **1-6 жас аралығында** перзентіңіздің өмірін қызықты әрі көңілді ете біліңіз. Бірқалыптылық оның ішін пыстырып, қапаландырады және жан-жақты дамуына кедергі жасайды;
- ◆ **7-12 жаста** балаңыз бір жерде тыныш отыра алмайды. Оның ой-өрісі дамып отыруды қажет етеді. Бұл жағынан оған шектеу қоймаңыз. Оған өз киімдерін жинастыру, бөлмесін тазалау сынды жұмыс тапсырып, оның орындалуын қадағалаңыз;
- ◆ **13-17 жас аралығында** жасөспірімнің өмірін өте жайлы етпек ниетке асыра сілтеушілікке жол бермеңіз. Оны достарынан артық киіндіріп, тым еркелетіп, қолына ақша ұстата берудің қажеті жоқ. Жеңіл өмір мен артықшылықтан өзімшіл болып кетуінен сақтаңыз.

Балықтарға Шолпан әсер етеді.
Түстері: күлгін, сарғыш, жасыл,
көк.

Тастары: меруерт, аметист,
жауһар, сапфир.

Сәтті күндері: дүйсенбі,
бейсенбі, жұма.

Сәтсіз күні: сәрсенбі.

Сандары: 6, 7 (жетіге бөлінетін
барлық сандар), 11, 3, 7, 9, 12.

Жақсы жағы:

- + Дарынды
- + Мейірімді, жомарт
- + Өзгенің қызығушылығын өз
қызығушылығынан жоғары
қояды

Жағымсыз жағы:

- Көп адамдар үшін шешуі қиын
жұмбақ
- Аңқау, балықтарды алдау оңай.

БАЛЫҚТАР



- ◆ **1-6 жас аралығында** балаңызды қандай тағаммен қоректендіріп жүргеніңізге аса мән бере қараңыз. Өсіп келе жатқан бала ағзасына ақуыз, витаминдер мен минералдар аса қажет, ал қант пен органикалық қосылыстар зиян келтіреді;
- ◆ **7-12 жаста** оны іскерлік пен жинақылыққа тәрбиелеңіз. Өмірде адамгершілік, сыйластық, достыққа адалдық сынды сезімдер, қарым-қатынас болатынын ұғындырыңыз;
- ◆ **13-17 жас аралығында** оның талантын түмшалап жауып тастаудан аулақ болыңыз. Әрине, сіз балаңыздың өзіңіздің жолыңызды қуып, мысалы, адвокат болғанын қалайтын шығарсыз. Бірақ баланың жақсы сурет салуға немесе ән айтуға деген ерекше қабілеті болса, оларды ары қарай дамытуға мүмкіндік беріңіз.